- Сүт ыдысын (D5) жеткілікті сүт мөлшерімен ыдыста белгіленген MAX (13-сурет) деңгейіне дейін толтырыңыз;
- Сүтті ішке тарту түтігі (D4) дұрыс енгізілгеніне көз жеткізіңіз, себебі ол сүт ыдысының түбіне кетіп қалуы мүмкін (14-сурет);



- Қ а қ п а қ т ы ыдысқа қайта орналастырыңыз;
- Ыстық су шүмегінің (C6) алыңыз (15-сурет);
- Ыдысты түтік қондырмасына (A10) енгізіп, жеткен жеріне дейін итеріңіз (16-сурет). Құрылғы дыбысты сигнал шығарады (жабдықталған болса);

- Кофе шүмектерінің (A9) және көпіршітілген сүт шүмегінің (D3) астына жеткілікті көлемдегі үлкен кесені қойыңыз;
- Әрбір функцияға қатысты төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Ескеріңіз:

- Қоюлау көпіршікке қол жеткізу үшін тоңазытқыш температурасында (шамамен 5°C) сақталған шайқалған немесе жартылай шайқалған сүтті пайдалану керек.
- Көпіршік сапасы келесінің негізінде әртүрлі болады:
- сүт түрі немесе көкөніс сусыны;

- пайдаланылған бренд;
 - ингредиенттер мен құнарлылығы.
- Егер "Қуат үнемдеу" режимі іске қосылса, сусын құйылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

8.2 Көпіршік мөлшерін реттеу

Капучино және сүт негізіндегі кофе түрлерін дайындау барысында құйылатын сүттегі көпіршік мөлшерін реттеу үшін көпіршікті реттеу дөңгелегін (D1) бұраңыз.

Дөңгелек бағыты	Сипаттама	Келесі үшін ұсынылады...
	Көпіршіксіз	HOT MILK (Ыстық сүт) (көпіршіксіз) / CAFFELATTE (Латте)
	А мөлшердегі көпіршік	ЛАТТЕ МАКИАТО/ FLAT WHITE (ФЛЭТ УАЙТ)
	К ө п мөлшердегі көпіршік	КАППУЧИНО/ КАППУЧИНО+ / Cappuccino mix (Капучино микс) / ЫСТЫҚ СҮТ (көпіршікті)

8.3 Капучино және сүт негізіндегі сусындарды автоматты түрде жасау







- Сүт ыдысын (D) толтырыңыз және жоғарыда сипатталғандай етіп бекітіңіз;
- Қажетті сусынды таңдаңыз:
Тікелей таңдалатын сусындар:

- : Hot milk (Ыстық сүт)(B4)
- : Маккиато (B5)
- : Капучино (B6)
- ▶ (B10) **түймесін басу және** (B11) түймесімен растау арқылы таңдалады:
 - Flat white (Флэт уайт)
 - Cappuccino+ (Капучино+)
 - Cappuccino Mix (Капучино микс)

- Бірнеше секундтан кейін таңдау автоматты түрде басталады және дисплейде таңдалған сусын кофе дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге көрсетіледі;

4. Сүт құйылған соң, құрылғы кофеі автоматты түрде жасайды (рецепт қажет ететін болса).


Ескеріңіз:

-  /  (B2): дайындауды толығымен тоқтату және негізгі экранға оралу үшін басыңыз.
- "STOP"  /  (B3): сүт немесе кофе құйылуын тоқтату және сусынды аяқтау үшін келесі құюға өту үшін басыңыз (егер болса).
- Құюдың соңында, кеседегі кофе мөлшерін арттыру үшін, EXTRA -  /  (B10) (Қосымша) опциясының түймесін басыңыз.
- Сүт ыдысын тоңазытқыштың сыртында ұзақ уақытқа қалдырмаңыз. Сүт неғұрлым жылы болса (5 °C – ең оңтайлысы), шығарылған көпіршік сапасы соғұрлым нашар болады.
- Сусындарды реттеуге болады ("9. Бағдарламалау және таңдау" бөлімін қараңыз).

8.4 Сүт сауытын әрбір пайдаланған соң тазалау

Сүт көпірткіш сүт функциясын пайдаланған сайын тазаланып отыруы тиіс:




1. Сүт ыдысын (D) құрылғыда қалдырыңыз (оны босатудың қажеті жоқ);
2. Көпіршітілген сүт шүмегінің астына кесені немесе басқа ыдысты қойыңыз;



3. Көпіршікті реттеу дөңгелегін (D1) "CLEAN" (Тазалау) бағытына бұраңыз (17-сурет). Прогресс жолағы пайда болады және әрекет орындалған сайын "Cleaning underway" (Тазалау орындалуда) хабарымен бірге бірте-бірте толады. Тазалау автоматты түрде тоқтайды;



















4. Дөңгелекті көпіршік түрлерінің біріне қайта бұраңыз;
5. Сүт ыдысын алып, бу түтігінің қондырмасын (A10) әрқашан губкамен тазалаңыз (18-сурет).


Ескеріңіз:



- Бірнеше капучино немесе сүт негізіндегі кофеі жасағыңыз келсе, сүт ыдысын тек соңғы сусын жасалғаннан кейін ғана тазалаңыз. Бұл жағдайда, сұралған кезде, бас мәзірге оралу үшін  /  (B2) түймесін басыңыз.
- Сүт ыдысын тазаламасңыз, оның тазалауды қажет ететінін ескерту үшін дисплейде  белгісі көрсетіледі.
- Сүт ыдысын тоңазытқышта сақтауға болады.
- Кейбір жағдайларда құрылғының қызғанын күтуіңіз керек.

9. БАҒДАРЛАМАЛАУ ЖӘНЕ ТАҢДАУ

"менің" мәзірім ішінде сусындарды жеке талғамыңызға сай реттей аласыз.

1.  /  (B3) түймесін басыңыз;
2.  /  (B3) немесе  /  (B10) жылжыту көрсеткілерін қалаған сусын көрсетілгенше басыңыз;
3. Сусын таңдау үшін  /  (B11) түймесін басыңыз;
4. • **Кофе түріндегі сусындар:** Дисплейде (D5) "Program aroma" (Дәмді бағдарламалау) параметрі көрсетіледі. Қалаған дәм таңдалғанша  /  немесе  /  түймесін баса беріңіз. Таңдауды растау үшін  /  түймесін басыңыз. Дайындау басталады және дисплейде "Program coffee" (Кофеі бағдарламалау) опциясы және құю процесінде біртіндеп толатын жолақ белгіше пайда болады. Кесеге қажетті мөлшер құйылған кезде,  /  (STOP) түймесін басыңыз.
- **Капучино және кофе түріндегі сусындар:** дәмді таңдаған және растаған соң, дисплейде сүт құйылған сайын біртіндеп толатын іс барысы жолағымен бірге "Program milk" (Сүтті бағдарламалау) опциясы көрінеді. Қажетті мөлшерге жеткен соң,  /  түймесін басыңыз.

Құрылғы кофе жасайды. Қажетті кофе мөлшері құйылған кезде оны тоқтату үшін  түймесін басыңыз.

5. Параметрлерді  түймесін басу (немесе  (B2) түймесін басу) арқылы сақтаңыз.
6. "Parameters saved" (Параметрлер сақталды) не ("Parameters not saved" (Параметрлер сақталмады)). Құрылғы қайтадан пайдалануға дайын.






Ескеріңіз:

- Орнатылған ең төменгі мөлшер құйылған кезде, дисплейде "STOP" опциясы пайда болады.
- "STOP": сусын жасауды аяқтау үшін құйылып жатқан сүтті немесе кофені тоқтату үшін тиісті түймені басып, келесі құюға жылжыңыз (егер болса).

10. ЫСТЫҚ СУ ҚҰЮ

Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар.

Ыстық су құю барысында құрылғыны ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.

1. Ыстық су шүмегі (C6) ыстық су түтігінің қондырмасына дұрыс тіркелгенін (A10) тексеріңіз;
2. Су шүмегі астына ыдыс қойыңыз (шашыраудың алдын алу үшін барынша жақын қойыңыз) (б-сурет);
3.  (B10) түймесін басып,  (B3) немесе  (B10) жылжу көрсеткісін "Hot water" (Ыстық су) опциясы көрінгенше басу арқылы мәзірдегі сусындар арқылы жылжыңыз;
4.  (B11) түймесін басыңыз. Прогресс жолағы көрсетіледі және дайындау жалғасқан сайын бірте-бірте толады;
5. Құрылғы ыстық су құйып, автоматты түрде тоқтайды. Ыстық су құюды қолмен тоқтату үшін  (Тоқтату) түймесін басыңыз.

Ескеріңіз:

- Егер "Energy Saving" (Қуат үнемдеу) режимі белсенді болса, ыстық су құйылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.
- Құйылатын су мөлшерін реттеуге болады ("9. Бағдарламалау және таңдау" бөлімін қараңыз).

11. ТАЗАЛАУ

11.1 Құрылғыны тазалау

Құрылғының мына бөліктерін тұрақты түрде тазалап отыру керек:

- құрылғының ішкі тогы;
- тартылған кофе ыдысы (A18);
- тамшы науасы (A20) және конденсация науасы (A17);
- су ыдысы (A15);
- кофе шүмектері (A9);
- тартылған кофе воронкасы (A4);
- демдеуіш (A12) қақпақты (A11) ашқан соң қолжетімді болады;
- сүт ыдысы (D);
- ыстық су/бу жалғау қондырмасы (A10);
- ыстық су шүмегі (C6).

Маңызды!

- Кофе құрылғысын тазалау үшін еріткіштерді, қырғыш заттарды немесе спиртті пайдаланбаңыз. De'Longhi суперавтоматты кофе машиналарымен тазалау мақсаты үшін ешбір химиялық заттық қажеті жоқ.
- Сүт ыдысынан (D) басқа құрылғының басқа ешбір құрамдас бөлшегін ыдыс-аяқ жуғышта жууға болмайды.
- Қоқымдарды және кофе қалдықтарын кетіру үшін металдан жасалған заттарды пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының металл немесе пластмасса бөліктерін сырып тастауы мүмкін.

11.2 Ішкі айналымды тазалау

Құрылғы 3/4 күн бойына қолданылмайтын болса, оны қайтадан қолданбас бұрын, оны қайта қосуды және мына әрекеттерді орындауды ұсынамыз:

- 2/3 шаю циклін орындау ("6.1 Rinsing (Шаю)" бөлімін қараңыз);
- ыстық суды бірнеше секунд бойы ағызу ("10. Ыстық су құю" бөлімі).

Ескеріңіз:


Қақ тазалап болған соң, тартылған кофе ыдысында (A18) судың болуы – қалыпты жағдай.

11.3 Тартылған кофе ыдысын тазалау

Тартылған кофе ыдысы (A18) толған кезді дисплей көрсетеді. Бұл құрылғы тартылған кофе ыдысы тазаланбайынша кофе жасау үшін пайдаланылмайды. Толық болмаса да,

бірінші кофе дайындалғаннан кейін 72 сағат ішінде тартылған кофе ыдысын босату туралы хабар (empty grounds container) көрсетіледі. 72 сағатты дұрыс есептеу үшін машина әрдайым электр желісіне қосулы болуы керек.

Тазалау үшін (тек құрылғымен):



- Тамшы науасын (A20) шығарыңыз (19-сурет), босатыңыз және тазалаңыз.
- Ұнтақ кофе ыдысын босатып, түбінде қалған барлық қалдықтарды кетіру үшін мұқият тазалаңыз.


Оны берілген щеткадағы (C5) қырғышпен орындауға болады.

Маңызды!

Тамшы науасын шығарып жатқан кезде, тартылған кофе ыдысы айтарлықтай толық болмаса да босатылған болуы **керек**. Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, тартылған кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.

11.4 Тамшы науасын тазалау

Тамшы науасы (A20) ондағы су деңгейін көрсететін мөлшер көрсеткішімен (A21) (қызыл) белгіленген (20-сурет). Тамшы науасын (A19) индикатор кесе науасынан шығып тұрғанға дейін босату керек, әйтпесе, су науа жиегінен асып шығып, құрылғыны, құрылғы орналасқан жерді немесе оның айналасын бүлдіруі мүмкін.




Тамшы науасын алу үшін:

1. Тамшы науасы мен тартылған кофе ыдысын шығарыңыз (A18) (19-сурет);
2. Кеселер науасын және тапшы науасының торын шығарып, тамшы науасы мен тартылған кофе ыдысын босатыңыз да, барлық бөлшектерді жуыңыз;
3. Су жиналу науасын (A17) тексеріңіз және қажет болса босатыңыз (21-сурет).
4. Тамшы ағатын науаны торымен бірге және тартылған кофе ыдысын құрылғыға қайта салыңыз.

11.5 Құрылғының ішін тазалау

Ток соғу қаупі бар!

Ішкі бөліктерді тазаламас бұрын, құрылғыны өшіру ("5. Құрылғыны өшіру" бөлімін көріңіз) және розеткадан ажырату керек. Құрылғыны ешқашан суға батырмаңыз.




1. Құрылғының іші (тамшы науасын (A20) алған соң қол жетімді болады) кірлемегенін тұрақты түрде (шамамен аптасына бір рет) тексеріп отырыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын берілген щеткамен (C5) және губкамен тазалаңыз;

2. Барлық қалдықтарды шаңсорғышпен тазалаңыз (22-сурет).

11.6 Су ыдысын тазалау

1. Су ыдысын (A15) тұрақты түрде (шамамен айына бір рет және су жұмсартқыш сүзгіні (C4) (егер бар болса) орнына салған сайын) дымқыл шүберекпен және шамалы жұмсақ ыдыс жуғыш сұйық затпен тазалап отырыңыз;
2. Сүзгіні алыңыз (C4) (егер бар болса) және ағынды сумен шайыңыз;
3. Сүзгіні орнына салыңыз (орнатылған болса), ыдысты (A15) таза сумен толтырып, орнына салыңыз;
4. Сүзгіні (тек су жұмсартқыш сүзгісі бар үлгілер) қайта белсендіру үшін 100 мл су ағызыңыз.

11.7 Кофе шүмектерін тазалау



23

1. Кофе шүмектерін (А9) губкамен немесе шүберекпен тұрақты түрде тазалап отырыңыз (23-сурет);
2. Кофе шүмектеріндегі тесіктердің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, кофе қалдықтарын тіс тазартқышпен кетіріңіз (23-сурет).

11.8 Тартылған кофе воронкасын тазалау

Тартылған кофе воронкасының (А4) бітелмегенін тұрақты түрде (шамамен айына бір рет) тексеріп тұрыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын берілген щеткамен (С5) тазалаңыз.


11.9 Демдеу торын тазалау

Демдеу торын (А12) кемінде айына бір рет тазалап отыру керек.


Маңызды!

Құрылғы іске қосулы болған кезде демдеу торын шығарып алуға болмайды.

1. Құрылғыны дұрыс өшіру процедурасын міндетті түрде орындаңыз ("5. Құрылғыны өшіру" бөлімді қараңыз);
2. Су ыдысын алып шығарыңыз (2-сурет).



24



25

3. Құрылғының оң жағындағы демдеу торы орнының қақпағын (24-сурет) ашыңыз.
4. Қызыл босату түймелерін ішке қарай басып тұрып, демдеу торын сыртқа қарай тартып шығарыңыз (25-сурет);


Маңызды!

ТЕК СУМЕН ШАЙЫҢЫЗ


ЕШБІР ЫДЫС ЖУҒЫШ ХИМИКАТТЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ

Демдеу торын тазалау үшін жуғыш сұйықтықты пайдаланбаңыз, себебі ол зақымға себеп болуы мүмкін.

5. Демдеу торын суға шамамен 5 минут батырып қойып, ағынды су астында шайыңыз;




26



27

6. Демдеу торының корпусында (демдеу торы орнының қақпағы арқылы көрінеді) қалған кез келген кофе қалдығын кетіру үшін арнайы щетканы (С5) пайдаланыңыз.
7. Тазалаған соң, демдеу торын ішкі тірекке (26-сурет) қарай сырғыту арқылы орнына салып, «сырт» етіп орнына түскенше PUSH (ИТЕРУ) белгісін толық енгенше ішке қарай басыңыз.

Ескеріңіз:



28

Егер демдеу торын енгізу қиын болса, енгізбес бұрын оны 27-суретте көрсетілген екі ілгекті басу арқылы тиісті өлшемге бейімдеңіз.


8. Салынған соң, екі қызыл түйменің шыққанына көз жеткізіңіз (28-сурет).

9. Демдеу торы орнының қақпағын жабыңыз.
10. Су ыдысын орнына салыңыз.

11.10 Сүт ыдысын тазалау


Көпіршікті тиімді күйде сақтау үшін, сүт ыдысын төменде сипатталғандай етіп екі күн сайын тазалаңыз:

1. Қақпақты (D2) ашыңыз.
2. Сүт шүмегі (D3) мен ішке тарту түтігін (D4) алыңыз (29-сурет).
3. Көпіршікті реттеу дөңгелегін (D1) сағат тіліне қарсы бағытпен "INSERT" (Енгізу) бағытына қарай бұрап (29-сурет), жоғары қарай тартып шығарыңыз.



4. Барлық құрамдас бөлшектер мен ыдысты ыдыс жуғыш машинаның жоғарғы себетіне қойып жууға болады. Егер сізде ыдыс жуғыш машина болмаса, осы бөлімнің соңында берілген ескертпеге сай қолмен жуыңыз.

Дөңгелектің астындағы бос орында және ойықта сүт қалдықтары қалмасын (30-сурет). Қажет болса, ойықты тіс тазартқыш таяқшамен қырғылаңыз.



5. Көпіршікті реттеу дөңгелегі орнының ішкі жағын ағынды сумен шайыңыз (31-сурет).

6. Ішке тарту түтігі мен шүмектің сүт қалдықтарымен бітеліп қалмағанын тексеріңіз.
7. Дөңгелекті, шүмекті және сүт сору түтігін орнына салыңыз ("INSERT" (Енгізу) сөзіне сәйкестендіріп).
8. Қақпақты ыдысқа қайта орналастырыңыз.

Ескеріңіз: қолмен жуу

Ыдыс жуу машинасында жуу сүт ыдысының барлық бөлшектерінің таза болуына кепілдік болады. Қолмен жуған кезде, сүт ыдысының барлық бөлшектерін ыстық сумен мұқият жуып, 5-бөлімде сипатталған нұсқауды орындамас бұрын оларды ыстық су құйылған ыдысқа 30 минутқа салып қойыңыз.

11.11 Ыстық су қондырмасын тазалау

Тығыздағыштардан (18-сурет) сүт қалдықтарын кетіру үшін жалғау қондырмасын (A10) әрқашан губкамен тазалаңыз.

12. ҚАҚ ТАЗАЛАУ

Маңызды!























- Қолданбас бұрын нұсқауларды және қақ тазартқыштағы жапсырмаларды оқып шығыңыз.
- Тек De'Longhi қақ тазалағышын ғана пайдалану маңызды болып табылады. Басқа қақ тазалағышты пайдалану және/немесе қақ тазалауды дұрыс орындамау өнім жасаушысының кепілдігінде қаралмаған ақаулықтарға себеп болуы мүмкін.
- Қақ тазалағыш нәзік беттерді зақымдауы мүмкін. Егер бұл өнім байқаусызда төгіліп кетсе, оны дереу құрғатыңыз.


Қақ тазалау	
Қақ тазартқыш	De'Longhi қақ тазартқышы
Ыдыс	Ұсынылған сыйымдылық; 2 л
Уақыты	~45 мин



Дисплейде (D5) тиісті хабар көрсетілген кезде құрылғыны қақтан тазалаңыз. Дерее қақтан тазалау үшін, \odot / \bullet (B11) түймесін басып, нұсқауларды 6-пункттен бастап орындаңыз. Қақ тазалауды кейінге қалдыру үшін \odot / \bullet / \odot түймесін басыңыз. (B2): дисплейдегі ||| белгісі

құрылғының қағын тазалау керек екенін еске салады.

Қақтан тазалау мәзіріне қол жеткізу үшін:



















1. Құрылғыны іске қосыңыз және ол пайдалануға дайын болғанша күтіңіз;
2. "Settings" (Параметрлер) мәзіріне кіру үшін  /  белгішесін басыңыз;
3.  /  (B3) немесе  /  (B10) жылжу көрсеткілерін "Maintenance" (Техникалық қызмет көрсету) опциясы көрінгенше басыңыз, сосын  /  түймесін басыңыз;
4.  /  немесе  /  жылжу көрсеткілерін "Descaling" (Қақ тазалау) көрінгенше басып, одан кейін  /  түймесін басыңыз;
5.  /  түймесін басу арқылы растаңыз;
6. Егер сүзгі орнатылса: су ыдысын (A15) шығарып алып, су жұмсартқыш сүзгіні (C4) алып, су ыдысын босатыңыз.  /  түймесін басыңыз;
7. Қақ тазалағышты ыдыстың ішкі беті жағында белгіленген А деңгейіне дейін құйып (100 мл орамына қатысты), сосын В (32-сурет) деңгейіне дейін су (бір литр) құйыңыз да, су ыдысын орнына салыңыз.  /  түймесін басыңыз;
8. Тамшы науасын (A20) және тартылған кофе ыдысын (A18) алып, босатыңыз да, ауыстырыңыз.  /  түймесін басыңыз;



9. Сыйымдылығы 2 литр бос ыдысты ыстық су шүмегінің (C6) және кофе шүмектерінің (A9) (33-сурет) астына қойыңыз.  /  түймесін басыңыз;

Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар

Кофе шүмегінен және ыстық су шүмегінен құрамында қышқылы бар ыстық су ағады. Осы ерітінді шашырандысынан абай болыңыз.

10. Қақтазалау бағдарламасы басталады және ыстық су және кофе шүмектерінен қақ тазалағыш сұйық зат шығады. Шаюлар мен тоқтатулар қатары кофе құрылғысының ішіндегі барлық қақ қалдықтарын кетіру үшін автоматты түрде орындалады; Шамамен 25 минуттан кейін қақтан тазалау тоқтатылады;
11. Одан кейін құрылғы таза сумен шаюға дайын болады. Қақты тазалау ерітіндісін жинау үшін қолданылатын контейнерді босатыңыз. Су ыдысын шығарып алыңыз, босатыңыз, ағын су астында шайыңыз және таза сумен МАХ деңгейіне дейін толтырып, құрылғыға салыңыз.  /  түймесін басыңыз;
12. Қақ тазалау ерітіндісін жинау үшін қолданылатын бос ыдысты кофе шүмектерінің және ыстық су шүмегінің астына қойып (33-сурет),  /  түймесін басыңыз;
13.  /  түймесін басу арқылы растаңыз;
14. Ыстық су кофе шүмектерінен, сосын ыстық су шүмегінен құйылады;
15. Ыдыстағы су таусылған кезде, шайылатын суды жинақтау үшін қолданылатын контейнерді босатыңыз;
16. Су ыдысын шығарып алып, МАХ деңгейіне дейін таза сумен толтырыңыз.  /  түймесін басыңыз;
17. Егер су жұмсартқыш сүзгі орнатылған болса, оны су ыдысындағы корпусына (A16) қайта салыңыз да (егер бұрын алынған болса), ыдысты құрылғыға қайта салыңыз, сосын  /  түймесін басыңыз;
18. Қақ тазалағыш ерітіндіні жинау үшін қолданылатын бос ыдысты ыстық су шүмегінің астына қойыңыз.  /  түймесін басыңыз;
19. "Rinsing Confirm?" (Шаю, растау керек пе?):  /  түймесін басыңыз;
20. "Rinsing underway" (Шаю орындалуда). Ыстық су шүмегінен ыстық су шығады;
21. "Empty drip tray" (Тамшы науасын босатыңыз): Екінші рет шаюдың соңында, тамшы науасын (A20) және тартылған кофе ыдысын (A18) алыңыз, босатып, орнына салыңыз.  /  түймесін басыңыз;
22. Қақ тазалау аяқталған кезде,  /  түймесін басыңыз;

23. Шайылатын суды жинақтау үшін қолданылатын ыдысты босатып, су ыдысын алыңыз да, таза сумен MAX деңгейіне дейін толтырып, құрылғыны кері салыңыз.

Қақ тазалау циклі осымен бітеді.

Ескеріңіз:

- Егер қақ тазалау дұрыс орындалмаса (мысалы, жарық жоқ), циклді қайталауды ұсынамыз;
- Қақты тазалап болғаннан кейін тартылған кофе ыдысында (A18) судың болуы – қалыпты жағдай;
- Су ыдысы MAX деңгейіне дейін толтырылатын болса, қақты тазалау соңында құрылғының ішкі айналымынан қақ тазалағыш ерітінді толығымен жойылмайтынына кепілдеме беру үшін үшінші рет шаюды сұрайды. Шаюды бастамас бұрын, тамшы науасын босатуды ұмытпаңыз.

13. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ

Бір кезеңдік уақыт өткен соң су қаттылығына сай қақ тазалау талабы көрсетіледі. Құрылғы әдепкі параметр бойынша су қаттылығының 4-деңгейіне орнатылады. Сонымен қатар, бұл құрылғыны әр түрлі аймақтардағы құбыр суының қаттылығына сай бағдарламалау арқылы құрылғыны сирегірек тазалау қажет болатындай етіп орнатуға болады.

13.1 Су қаттылығын өлшеу

1. "TOTAL HARDNESS TEST" (ТОЛЫҚ ҚАТТЫЛЫҚТЫ ТЕКСЕРУ) индикаторын қағазынан (C1) шығарыңыз (ағылшын тіліндегі нұсқауларға тіркелген);
2. Қағазды стакандағы суға бір секундқа толығымен батырып алыңыз;
3. Қағазды судан шығарып, жайлап сілкіңіз. Шамамен бір минуттан соң 1, 2, 3 немесе 4 қызыл шаршы судың қаттылығының деңгейіне қарай көрінеді. Әрбір шаршы 1 деңгей болып есептеледі;



13.2 Су қаттылығын орнату

1. Мәзірді ашу үшін / (B2) түймесін басыңыз;
2. Жылжу көрсеткілерін (/ (B3) немесе / (B10)) "General" (Жалпы) тармағы көрінгенше басыңыз;
3. Растау үшін / (B11) түймесін басыңыз;
4. / немесе / жылжу көрсеткілерін "Water hardness" (Су қаттылығы) жазуы шыққанша баса беріңіз;
5. / түймесін басыңыз. Дисплейде ағымдағы мән көрсетіледі (D5) және "New" (Жаңа) мәні жыпылықтайды;
6. / немесе / жылжу көрсеткілерін басу арқылы орнатқыңыз келген жаңа мәнді таңдаңыз;
7. Мөлшерді таңдаған соң, / түймесін басыңыз.

Дисплей алдыңғы экранға қайтарылады.


Басты экранға оралу үшін / түймесін екі рет басыңыз.

14. СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ

Кейбір үлгілерге су жұмсартқыш сүзгі (C4) бекітіледі. Егер сіздегі үлгіде ондай болмаса, De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметінен сатып алуды ұсынамыз. Сүзгіні дұрыс пайдалану үшін, төмендегі нұсқаларды орындаңыз.

14.1 Сүзгіні орнату


1. Сүзгіні (C4) орамынан шығарыңыз. Күн индикаторының дискі берілген сүзгіге байланысты өзгереді.
2. Күн көрсеткішінің дискісін (34-сурет) қолданудың келесі 2 айы көрінгенше бұраңыз.




Ескеріңіз

Құрылғы дұрыс пайдаланылса, бұл сүзгі екі айға жарамды болады. Егер кофе жасағыштың сүзгісі енгізілген күйде пайдаланылмай қалса, сүзгі тек үш аптаға жарамды болады.


3. Сүзгіні іске қосу үшін, 35-суретте көрсетілгендей етіп сүзгі ішіндегі тесік арқылы су ағызыңыз, су бүйірдегі тесіктерден бір минуттан астам ағуы керек;



36



37



38

4. Ыдысты (A15) құрылғыдан шығарып, сумен толтырыңыз;
5. Сүзгіні су ыдысына салып, шамамен он секундтай толық батырыңыз да, ауа көпіршіктерін шығарып жіберу үшін абайлап қисайтыңыз және басыңыз (36-сурет);

6. Сүзгіні корпусына (A16) салып, орнына түскенше басыңыз (37-сурет);
 7. Ыдыстың қақпағын (A14) (38-сурет) жауып, ыдысты құрылғыдағы орнына салыңыз;
 8. Сүзгіні орнатқан кезде, оның бар екенін құрылғыға ескертуіңіз керек.
 9. "Settings" (Параметрлер) мәзіріне кіру үшін / esc (B2) белгішесін басыңыз;
 10. / (B3) немесе / (B10) жылжу көрсеткілерін "Maintenance" (Техникалық қызмет көрсету) опциясы көрінгенше басыңыз, сосын / (B11) түймесін басыңыз;
 11. Жылжыту көрсеткілерін "Install filter" (Сүзгіні орнату) жазуы көрінгенше басыңыз, сосын / түймесін басыңыз;
 12. Растау үшін / түймесін басыңыз;
 13. Ыстық су шүмегінің (C6) астына сыйымдылығы кемінде 500 мл болатын бос ыдысты қойыңыз, сосын құюды бастау үшін / түймесін басыңыз;
 14. Құрылғы су құя бастайды;
 15. Ыстық су ағыны тоқтаған соң, құрылғы пайдалануға дайын күйге қайта түседі.
- Содан кейін сүзгі белсенді болады және кофе құрылғысын пайдалана аласыз.

14.2 Сүзгіні ауыстыру

Құрылғы ескерткен кезде, сүзгіні (C4) ауыстырыңыз. Дереву ауыстыру үшін, / (B11) түймесін басып, нұсқауларды 8-қадамнан бастап орындаңыз. Сүзгіні ауыстыру үшін, / esc (B2) түймесін басыңыз. Сүзгіні ауыстыру қажет екенін еске салу үшін дисплейде белгісі көрсетіледі.

Ауыстыру үшін мыналарды орындаңыз:

1. Ыдысты (A15) және бітеліп қалған сүзгіні шығарыңыз;
2. Жаңа сүзгіні орамынан шығарыңыз және алдыңғы бөлімнің 2, 3, 4, 5, 6 және 7-тарауларында көрсетілгендей жалғастырыңыз;
3. "Settings" (Параметрлер) мәзіріне кіру үшін / esc белгішесін басыңыз;
4. / (B3) немесе / (B10) жылжу көрсеткілерін "Maintenance" (Техникалық қызмет көрсету) опциясы көрінгенше басыңыз, сосын / түймесін басыңыз;
5. "Replace filter" (Сүзгіні ауыстыру) көрсетілмейінше таңдау көрсеткілерін басып, одан кейін / түймесін басыңыз;

6. Растау үшін OK/Power түймесін басыңыз;
7. Ыстық су шүмегінің (C6) астына сыйымдылығы кемінде 500 мл болатын бос ыдысты қойыңыз, сосын құюды бастау үшін OK/Power түймесін басыңыз (8-сурет);
8. Ыстық су ағыны тоқтаған соң, құрылғы пайдалануға дайын күйге қайта түседі.

Одан кейін жаңа сүзгі белсенді болады және кофе құрылғысы пайдалануға дайын болады.

Ескеріңіз:

Екі айдан соң (күн көрсеткішін көріңіз) немесе құрылғы 3 апта бойы пайдаланылмаса, сүзгіні ауыстырыңыз, хабар әлі көрсетілмесе де сүзгіні ауыстыру керек.

14.3 Сүзгіні шығару

Егер құрылғыны сүзгісіз (C4) пайдаланғыңыз келсе, оны алып, құрылғыға оның алынғаны туралы ескертуіңіз керек. Мына әрекетті орындаңыз:

1. Ыдысты (A15) және бітеліп қалған сүзгіні шығарыңыз;
2. "Settings" (Параметрлер) мәзіріне кіру үшін Home/Esc (B2) белгішесін басыңыз;
3. Left/Right (B3) немесе Right/Home (B10) жылжу көрсеткілерін "Maintenance" (Техникалық қызмет көрсету) опциясы көрінгенше басыңыз, сосын OK/Power (B11) түймесін басыңыз;
4. Home/Left немесе Right/Home жылжу көрсеткілерін "Remove filter" (Сүзгіні алыңыз) хабары көрінгенше басып, одан кейін OK/Power түймесін басыңыз;
5. Алынғанын растау үшін OK/Power түймесін басыңыз. Құрылғы алдыңғы экранға оралады;
6. Сосын мәзірден шығу үшін Home/Esc түймесін екі рет басыңыз.

Ескеріңіз:

Екі айдан соң (күн көрсеткішін көріңіз) немесе құрылғы 3 апта бойы пайдаланылмаса, сүзгіні ауыстырыңыз, хабар әлі көрсетілмесе де сүзгіні ауыстыру керек.

15. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Кернеу:	220-240 В~ 50/60 Гц макс. 10А
Жұтылатын қуат:	1450 Вт
Қысым:	1,5 МПа (15 бар)
Су ыдысының ең жоғарғы сыйымдылығы:	2 л
ҰхДхБ өлшемі:	260x470x360 мм
Сым ұзындығы:	1200 мм
Салмағы:	11 kg
Кофе дәндері ыдысының ең жоғарғы сыйымдылығы:	380 g

De'Longhi компаниясында өз өнімдерінің техникалық сипаттамалары мен құрылымын кез келген уақытта олардың функциясы мен сапасына өзгеріс жасамай өзгерту құқығы бар.

15.1 Қуат үнемдеу жолдары туралы кеңестер

- Қуатты үнемдеу үшін бір не бірнеше сусын құйған соң, контейнерді (D) немесе қосымша құралдарды шығарып алыңыз.
- Автоматты түрде өшуді 15 минутқа ("6.4 General (Жалпы)" бөлімін қараңыз) орнатыңыз;
- Қуат үнемдеу режимін іске қосу ("6.4 General (Жалпы)" тарауын қараңыз);
- Құрылғы сұраған кезде, қақ тазалау циклін орындаңыз ("12. Қақ тазалау" бөлімін қараңыз).

16. КӨРСЕТИЛЕТІН ХАБАРЛАР

КӨРСЕТИЛЕТІН ХАБАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Fill tank (Ыдысты толтырыңыз)	Ыдыстағы (A15) су жеткіліксіз.	Су ыдысын толтырыңыз және/немесе "сырт" етіп орнына киілгенше итеру арқылы дұрыстап салыңыз (4-сурет).
Insert tank (Ыдысты салыңыз)	Ыдыс (A15) орнына дұрыс салынбаған.	Су ыдысын дұрыстап енгізіңіз және орнына түскенше басыңыз (4 сур.).
Empty grounds container (Тартылған кофе ыдысын босатыңыз)	Тартылған кофе ыдысы (A18) толып кеткен.	Тартылған кофе ыдысы мен тамшы науасын (A20) босатыңыз, тазалаңыз да орындарына салыңыз. Маңызды: тамшы науасын алып жатқан кезде тартылған кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату КЕРЕК. Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, тартылған кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.
Insert grounds container (Тартылған кофе ыдысын салыңыз)	Тазаланған соң, тартылған кофе ыдысы (A18) орнына салынбаған.	Тамшы науасын (A20) шығарып, тартылған кофе ыдысын орнына салыңыз.
Add pre-ground coffee (Тартылған кофені салыңыз) ESC to cancel (Бас тарту үшін ESC басыңыз)	Воронкаға (A4) тартылған кофе салынбаса да тартылған кофе жасау функциясы таңдалған.	Воронкаға алдын ала тартылған кофені салыңыз немесе "pre-ground" (тартылған кофе) функциясының таңдауын алыңыз.
Add pre-ground coffee (Тартылған кофені салыңыз) ESC ОК	A LONG coffee with pre-ground coffee has been requested (Тартылған кофеден "Ұзын" кофесін жасау сұралды)	Тартылған кофе воронкасына (A4) бір деңгейлік мөлшердегі тартылған кофені салыңыз да, дайындауды жалғастыру және аяқтау үшін  (B11) түймесін басыңыз.
Fill beans container (Дән ыдысын толтырыңыз) ESC to cancel (Бас тарту үшін ESC басыңыз)	Кофе дәндері таусылған.	Дәндер ыдысын (A4) (8-сурет) толтырыңыз.
	Алдын ала тартылған кофе воронкасы (A4) бітеліп қалған.	Воронканы "11.8 Тартылған кофе воронкасын тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп щеткамен (C5) босатыңыз.
		→

КӨРСЕТІЛЕТІН ХАБАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
<p>Ground too fine (Тартылған кофе тым ұсақ) Adjust mill (Кофе тартқышты реттеңіз) ESC to cancel (Бас тарту үшін ESC басыңыз)</p>	<p>Тартылған кофе тым майда және кофе өте жай құйылуда немесе мүлдем құйылмауда.</p> <p>Егер су жұмсартқыш сүзгі (C4) болса, түтіктерден ауа көбігі шығып, құюға кедергі жасауы мүмкін.</p>	<p>Кофені тағы да құйып көріңіз және кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін (A5) сағат тілі бағытымен "7" санына қарай бұраңыз (11-сурет). Кемінде 2 кесе кофе жасаған соң құю жылдамдығы әлі де тым баяу болса, кофе тартуды түзету дөңгелегін бұрау арқылы түзету процедурасын қайталаңыз ("7.4 Кофе тартқышты реттеу" бөлімін қараңыз). Егер проблема жойылмаса, су ыдысының (A15) толық енгізілгенін тексеріңіз.</p> <p>Құрылғыға ыстық су шүмегін (C) енгізіп, ағын бір қалыпты болғанша шамалы су ағызыңыз.</p>
<p>Less coffee (Кофені азайтыңыз) ESC to cancel (Бас тарту үшін ESC басыңыз)</p>	<p>Өте көп мөлшердегі кофе пайдаланылған.</p>	<p>☐/☐ (B11) түймесін басу арқылы жеңілрек дәмді таңдаңыз немесе алдын ала тартылған кофе мөлшерін азайтыңыз.</p>
<p>Insert water spout (су шүмегін енгізіңіз)</p>	<p>Ыстық су шүмегі (C6) енгізілмеген немесе дұрыс енгізілмеген.</p>	<p>Ыстық су шүмегін толық салыңыз (5-сурет).</p>
<p>Insert milk container (Сүт ыдысын енгізіңіз)</p>	<p>Сүт ыдысы (D) дұрыс салынбаған.</p>	<p>Сүт шүмегін (16-сурет) орнына түскенше енгізіңіз.</p>
<p>Insert infuser assembly (Демдеуіш жинағын салыңыз)</p>	<p>Тазаланғаннан кейін, демдеу торы орнына салынбаған.</p>	<p>Демдеу торын "11.9 Демдеу торын тазалау" бөлімде сипатталғандай етіп енгізіңіз.</p>
<p>Water circuit empty (Су айналымы бос) Fill water circuit (Су айналымын толтырыңыз) Hot water (Ыстық су) Confirm (Растау керек пе)?</p>	<p>Су айналымы бос.</p>	<p>☐/☐ (B11) түймесін басып, шүмектен (C6) су ағызыңыз. Егер проблема жойылмаса, су ыдысының (A15) толық енгізілгенін тексеріңіз.</p>
<p>Press OK to CLEAN (ТАЗАЛАУ үшін ОК түймесін басыңыз)</p>	<p>Сүт ыдысы (D) көпіршікті реттеу тетігі (D1) CLEAN (Тазалау) қалпында тұрғанда салынған.</p>	<p>CLEAN (Тазалау) функциясын орындау үшін ☐/☐ (B11) түймесін басыңыз немесе көпіршікті реттеу дөңгелегін басқа күйге бұраңыз.</p>
<p>Set dial to CLEAN (Дөңгелекті тазалау режиміне орнатыңыз) ESC to cancel (Бас тарту үшін ESC басыңыз)</p>	<p>Жақында сүт құйылған, сүт ыдысының (D) ішіндегі түтіктерді тазалау керек.</p>	<p>Көпіршікті реттеу дөңгелегін (D1) CLEAN (Тазалау) бағытына бұраңыз (20-сурет).</p>
→		

КӨРСЕТІЛЕТІН ХАБАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Көпіршікті реттеу тетігін бұрау	Сүт ыдысы (D) көпіршікті реттеу тетігі (D1) "CLEAN" (Тазалау) қалпында тұрғанда салынған.	Көпіршікті реттеу тетігін сүтті көпіршік бағыттарының біріне қайта бұраңыз.
Descalc (Қақтан тазалаңыз) ESC to cancel (Бас тарту үшін ESC басыңыз) Қағын тазалау үшін OK (~45 минут)	Құрылғы қағын тазалау керек.	"12. Қақ тазалау" бөлімінде сипатталған қақ тазалау процедурасы орындалуы керек.
Replace filter (Сүзгіні ауыстыру) ESC to cancel (Бас тарту үшін ESC басыңыз) OK to replace (Ауыстыру үшін OK басыңыз)	Су жұмсартқыш сүзгі "C4. Filtro addolcitore (se previsto)" бітеліп қалған.	Сүзгіні салыңыз немесе оны "14. Су жұмсартқыш сүзгі" бөлімінде сипатталғандай етіп алыңыз.
General alarm (Жалпы дабыл)	Құрылғының іші өте лас.	Құрылғының ішін "11. Тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп мұқият тазалаңыз. Бұл хабар тазаланған соң да көрсетілсе, тұтынушыларға қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.
	Сүт контейнері ішіндегі түтікшелерді (D) тазалау керек.	Көпіршікті реттеу деңгелегін (D1) CLEAN (Тазалау) бағытына бұраңыз (17-сурет).
	Суды жұмсарту сүзгісі (C4) бітеліп қалған және оны ауыстыру немесе шығарып алу керек.	Сүзгіні салыңыз немесе оны "14. Су жұмсартқыш сүзгі" бөлімінде сипатталғандай етіп алыңыз.
	Құрылғы қағын тазалау керек.	"12. Қақ тазалау" бөлімінде сипатталған қақ тазалау процедурасы орындалуы керек. Құрылғы қақ тазалау циклдерін өте қысқа уақыт аралықтарында орындауды сұрауы мүмкін. Бұл – қалыпты нәрсе және ол құрылғының кеңейтілген басқару жүйесінің болуына байланысты.
ECO	Қуат үнемдеу қосылады.	Қуатты үнемдеуді ажырату үшін, "6.4 General (Жалпы)" - "Energy saving (Қуат үнемдеу):" бөлімінде сипатталған әрекеттерді орындаңыз

17. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОО

Төменде кейбір ықтимал ақаулықтар көрсетілген.

Егер проблема сипатталғандай әдіспен шешілмесе, тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
The coffee is not hot (Кофе ыстық емес).	Кеселер алдын ала қыздырылмайды.	Кеселерді ыстық сумен шаю арқылы алдын ала жылытыңыз (Ескеріңіз: ыстық су функциясын пайдалана аласыз).
	Құрылғының ішкі айналымдары суып қалған, себебі соңғы кофе жасалғалы 2/3 минут өткен.	Кофе жасамас бұрын демдеу торын шаю циклін орындау арқылы жылытыңыз ("6.1 Rinsing (Шаю)" бөлімін қараңыз).
	Төменгі кофе температурасы орнатылды.	Мәзірде ыстығырақ кофе температурасын орнатыңыз ("6.4 General (Жалпы)" Set temperature (Температураны орнату):" бөлімін қараңыз)
Кофе көпіршігі жеткіліксіз.	Кофе тым ірі етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін (A5) сағат тілі бағытына қарсы 1 санына қарай бір рет бұраңыз (11-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі (мына бөлімді қараңыз: "7.4 Кофе тартқышты реттеу").
	Кофе жарамсыз.	Эспрессо құрылғыларына арналған кофені пайдаланыңыз.
Кофе тым баяу құйылады немесе тамшылап тұрады.	Кофе тым майда етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін (A5) сағат тілі бағытымен 7 санына қарай бір рет бұраңыз (11-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі (мына бөлімді қараңыз: "7.4 Кофе тартқышты реттеу").
LONG (Лонг) кофесі тым кілегейлі	Кофе тым майда етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін "A5. Тартуды реттеу дөңгелегі" сағат тілі бағытымен 7 санына қарай бір рет бұраңыз (11-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасалған соң білінеді.
		→

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБИ	ШЕШІМІ
Құрылғы кофе жасамайды	Құрылғы өзінің ішкі айналымында ластықты анықтады. "Please wait" (Күте тұрыңыз) хабары көрсетіледі.	Құрылғының қайта пайдалануға дайындығын тексеріп, қажетті сұйықтықты қайта таңдаңыз. Егер проблема жойылмаса, тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.
Кофе бір немесе екі шүмектен де ақпайды.	Кофе шүмектері (A9) бітеліп қалған.	Шүмектерді тіз тазартқышпен тазалаңыз (23-сурет).
Құрылғы іске қосылмайды	Ол розеткаға қосылмаған.	Розеткаға қосыңыз (1-сурет).
Демдеуіш алынбайды	Құрылғы дұрыс ажыратылмаған	 түймесін (A7) (9-сурет) басу арқылы құрылғыны өшіріңіз ("5. Құрылғыны өшіру" бөлімін қараңыз).
Қақты тазалау соңында құрылғы үшінші шаюды талап етеді	Екі шаю циклі барысында су ыдысы (A15) MAX деңгейіне дейін толтырылмаған.	Құрылғы көрсететін нұсқауларды орындаңыз, бірақ алдымен су тасып кетпес үшін тамшы науасын (A20) босатыңыз.
Milk does not flow from the milk spout (Сүт шүмектен (D3) ақпайды)	Сүт ыдысының қақпағы (D1) кірлеген	Сүт ыдысының қақпағын "11.10 Сүт ыдысын тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.
	Сүт сору түтігінің (D4) сүт ыдысы қақпағының төменгі жағына дұрыс енгізілгенін тексеріңіз (14-сурет)	Сүт тарту түтігін тірелгенше енгізіңіз
Сүтті үлкен көбіктер бар және ол сүт шүмегінен (D3) шашырап шығады немесе аз ғана көпіршік шығады	Сүт жеткілікті деңгейде салқын емес немесе ол жартылай шайқалған немесе шайқалған	Тоңазытқыш температурасындағы (шамамен 5°C) шайқалған немесе жартылай шайқалған сүтті пайдаланыңыз. Егер нәтиже сіз қалағандай болмаса, басқа компанияның сүтін пайдаланып көріңіз.
	Көпіршікті реттеу дөңгелегі (D1) дұрыс реттелмеген.	"8.2 Көпіршік мөлшерін реттеу" бөліміндегі нұсқаулар бойынша реттеңіз.
	Сүт ыдысының қақпағы (D1), көпіршікті реттеу дөңгелегі (D1) немесе сүтті ішке тарту түтігі (D4) кірлеген	Сүт ыдысының қақпағын, дөңгелекті және сүтті ішке тарту түтігін мына бөлімде сипатталғандай тазалаңыз: "11.10 Сүт ыдысын тазалау".
	Ыстық су түтігінің қондырмасы (A10) кірлеген	Байланыс түтікшесін "11.11 Ыстық су қондырмасын тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.
Пайдаланылмаған кезде машинадан шуылдар немесе шағын түтіндер шығады	Құрылғы қолдануға дайын немесе жақында ғана өшірілген және конденсат ыстық бу жасағышқа енуде	Бұл қалыпты жұмыс істеудің бір бөлігі болып табылады. Бұл құбылысты азайту үшін, тамшы науасын босатыңыз.

Register Now 
www.delonghi.com/register



De'Longhi Appliances via Seitz, 47 31100 Treviso Italia www.delonghi.com

5713246851_01_0820